

БӨЛІМ: BUKETOV UNIVERSITY / UNIVER / СТУДЕНТ

## Дулат Исабековтің «Дермене» шығармасындағы адамгершілік мәселесі

**ЖАРИЯЛАНДЫ**  
28.11.2025**ТІРЕК СӨЗДЕР**  
адамгершілік, әдеби талдау, Дермене,  
Дулат Исабеков, кейіпкер бейнесі,  
мораль, рухани дағдарыс**СІЛТЕМЕ**  
<https://bilimger.kz/184848/>

### Алтынбек Айсәуле Нұрланқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті  
6В01701-«Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерін даярлау»  
Ко-23-15к(3-курс)

Ғылыми жетекші: **Төлеубаева Камшат Аманбаевна**

### Аннотация

Бұл мақалада Дулат Исабековтің «Дермене» повесіндегі адамгершілік мәселесі қарастырылды. Шығарма кейіпкерлері-Тоқсанбай қарт пен Омаштың моральдық болмысы талданып, олардың адамгершілік қасиеттері салыстырмалы түрде зерттеледі. Мақалада кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дүниетанымы арқылы ұрпақтар сабақтастығы, рухани дағдарыс және қоғамдағы моральдық өзгерістер мәселелері ашылады. Сонымен қатар, әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулері негізінде адамгершілік категориясы теориялық тұрғыдан қарастырылып, терминологиялық талдау жасалады. Повестегі адамгершілік пен қатігездік, рухани тазалық пен эгоизм арасындағы қақтығыстарды талдай отырып, автор шығармасының қазіргі заман үшін де маңыздылығын көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Дулат Исабеков, Дермене,, адамгершілік, мораль, рухани дағдарыс, кейіпкер бейнесі, әдеби талдау.

Дулат Исабеков-қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығы қазақ қоғамының әлеуметтік өмірін, адамның рухани әлемін терең суреттейді. Дулат-қаламгер. Дулат -жазушы. Тәңірі сыйлаған таланттың тірлікте не істеу керек екенін «жазушы» деген жалғыз ауыз сөз өзінен-өзі паш етіп тұр. Өзін күллі жұрттан, семьядан бөліп тастап, есікті тарс жауып, өз кабинетіне өзін қамаған осы бір тым-тырыс, жым-жырт сәтте өз ойы, өз сезімімен арпалысып отырып, ол енді тап бір тәңі-

рінің өзімен тайталасқандай, өмірден – өнер жасайды. Өзі жасаған өнердің құдіретімен дүниеде тірлік кешіп жатқан адамдардай, кәдімгідей адамдар туғызады. Олардың да кәдімгі адамдардай әр қайсысының өзіне бұйырмас таланы, тағдыры, болады. Олардың да ішінде жолы болғыш бақыттысы, иті үнемі қырын жүгіретін бақытсызы болады. Не істесе де, қалай талпынса да, ілгері басқан аяғы кейін кететін қарабақтар болады. Сондай қарабақ, бейшара, пақырлар Дулат қаламына көбірек ілігеді. Ж.Түменбаевтың: «Дулаттың ең басты және бірден-бір объектісі Адам екендігін әуел бастан-ақ ұғынған жазушының өмір зерттеушілік қарым-қабылеті, адам жанының терең иірімдерін қалтқысыз тани білетін зерделігі, содан сол кезден бастап-ақ ол таңдап алған көркемдік бағдар-қарапайым көкірегіндегі құпия қазыналарды ашуға ұмтылған суреткерлік нысана...», -деген пікірі жазушы ұстанымын да байқатады [1,24]. «Дерменедегі» жетім шал. Әке-шешеден ерте айырылған жетімек кішкентай немере. Бұлар осынау адамның адамды аяуы күн санап азайып бара жатқан заманда, рахымсыз қатал адамдардың арасында өмір сүрген, әлгі бір қой аузынан шөп алмайтын момын, мүсәпір, бейшаралар. Адам бойындағы жанашырлық, аяушылық сезім, бұл, шын мәнінде адамның адамгершілігін көрсететін, биік парасатты ұлы қасиет. Демек, аяушылық бар жерде, адам бар. Дүниені ұстап тұрған да әрі-беріден соң осы аяушылық сезім. «Дулат шығармашылығы өзінше дараланады. Онда кейіпкерлердің бөлінушілігін жүзеге асыратын әлеуметтік-психологиялық анықтық пен көп себептілік, өтіп жатқан процестердің идеологиялық әртектілігі мен рухани түрлілігі, болмысқа сыни қанағаттанбау сезімдері байқалады.» [2,76]

Шығармашылығының басты ерекшелігі-адам психологиясын, мінез-құлықтың ішкі қайшылықтарын дәл әрі шынайы бейнелейтіндігі. Исабековтің «Дермене» шығармасы да осының айқын мысалы болып табылады. Бұл шығармасында автор адамгершілік мәселесін терең түрде қозғайды, адам мен қоғам арасындағы қайшылықтар мен адамдық қасиеттердің жоғалуы туралы ойларымен оқырманын терең толғандыруға бағытталған.

«Дермене» әңгімесінде негізгі оқиға желісі арқылы адамгершілік мәселелеріне ерекше назар аударылып, қоғамның адамдық сипаттары мен моральдық дағдарыстары ашылады. Шығарманың басты тақырыбы-адамның моральдық тұрғыда дұрыс жол табуы, өз болмысын тануы, жеке тұлға ретінде қалыптасуы, ішкі жан дүниесі мен сыртқы қоғам арасындағы күрес.

«Дермене» повесі адамгершілік, ар-ождан, қоғам мен жеке тұлға арасындағы күрделі қарым-қатынастарды суреттейтін туындылардың бірі. Бұл шығармада когнитивизм тұрғысынан адам санасының қалыптасуы мен өзгеру үрдісі де ерекше орын алады. Когнитивизм теориясы бойынша, адамның ойлау жүйесі мен танымы қоршаған ортадағы ақпараттарды өңдеу арқылы дамиды. «Дермене» повесіндегі кейіпкерлердің ішкі әлемі олардың қоғамдағы орны мен алған тәрбиесіне байланысты қалыптасады.

Исабековтің кейіпкерлері – өз ортасының жемісі, олардың адамгершілік құндылықтары мен дүниетанымы сыртқы факторлардың әсерімен қалыптасқан.

«Дермене» әңгімесіндегі басты кейіпкерлер: Тоқсанбай мен Омаш. Олар өз өмірінде көптеген қиындықтар мен ащы шындықтармен бетпе-бет келіп, өмірдің мәнін түсінуге тырысады. Олардың өмірі- күрес пен жеңіс арасындағы шиеленісті, адамдық ұстаным мен моральдық дағдарыс арасындағы аласапыран кейіпкерлердің адамгершілігі мен өмірге деген көзқарасы кейде оны алға жетелейтін күш болса, кейде оның қиын жолда қателіктер жіберуіне себеп болады. «Қоғам екіге бөлінеді: иеленгісі келетіндер мен болғысы келетіндер» [3] Тоқсанбай -болғысы келетін, яғни рухани бай адам. Омаш- иемденгісі келетін, яғни материалдық мүддені көздейтін адам.

Шығармада адамның адамгершілік құндылықтарына деген көзқарасы мен қоғамның оған берген бағасы арасындағы қарама-қайшылықтар ашылады. Адамгершілік мәселесі қоғамдағы моральдық құндылықтардың өзгеруімен тығыз байланысты. Тоқсанбай шалдың өміріндегі қиындықтар мен қателіктер оның өз қоғамындағы моральдық ұстанымдармен күресін сипаттайды. Ол адамдарға деген сенім мен өздерінің бағаларын іздеп, шынайы адамдарға деген көзқарастарын өзгертеді. Омаш – жеке мүддесін бәрінен жоғары қоятын, материалдық құндылықтарды адамгершіліктен жоғары қоятын тұлға. Оның іс-әрекеттерінде эгоизм, прагматизм мен қатыгездік байқалады. «Қазақ прозасындағы адамгершілік мәселесі көбінесе әлеуметтік жағдайлармен байланысты қарастырылады, бұл-ұлттық әдебиеттің ерекшелігі» [4, 154-б.]. Шынында да, «Дермене» повесінде қоғамдағы әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік Омаштың тағдырына да әсер етті.

Әңгімеде әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, моральдық дағдарыстар мен адамның өз құндылықтарына деген көзқарасының өзгеруі сияқты мәселелер қарастырылады. Бұл қоғамдағы адамгершілік құндылықтардың ертеңгі күні қалай өзгеретініне, оның қоғамдық құрылымдармен қандай қатынаста болатынына байланысты сұрақтарды тудырады.

«Дермене» әңгімесі адамгершілік мәселелерін көтеруде адамның ішкі жан дүниесіне назар аударады. Әңгімеде моральдық ұстанымдар мен адамның ішкі дүниесінің байланысы ерекше орын алады. Адам өзінің адами қасиеттерін, жан дүниесін түсіну арқылы ғана өзінің іс-әрекетін дұрыс бағалай алады. Исабековтің кейіпкерлері-Тоқсанбай мен Омаш осы бағытта дамиды. Оның өмірі, өзіне қатысты шешімдері мен әрекеттері тек сыртқы әсерлер мен қоғамға ғана емес, сонымен қатар ішкі дүниесінің талқылауына да байланысты.

Тоқсанбай қарттың өмірі оның өз адамгершілігі мен ар-намысын қорғау үшін күресуін сипаттайды. Ол қоғамдағы әділетсіздіктер мен моральдық дағдарыстарға қарсы тұрады, өз бойындағы моральдық құндылықтарды жоғалтпау үшін күреседі. Алайда,

оның ішкі жан дүниесіндегі қайшылықтар мен сыртқы дүниедегі оқиғалар оның адамгершілік ұстанымдарын сынақтан өткізеді. Омаштың Тоқсанбай қартпен қарым-қатынасы екі түрлі дүниетанымның қақтығысын бейнелейді: бірі – адалдық пен адамгершілік жолын ұстанса, екіншісі- өз пайдасын ғана ойлайтын, әділетсіздікке жол беретін тұлға. «Әдебиеттегі жағымсыз кейіпкерлердің көпшілігі қоғамның ішкі қайшылықтары мен моральдық дағдарысын көрсетеді. Олардың образдары арқылы автор белгілі бір әлеуметтік мәселелерге назар аударады» [5, 87-б.]. Омаштың іс-әрекеттері мен мінезі оның тек жеке тұлғалық сипаты ғана емес, қоғамдағы өзгерістердің көрінісі екенін дәлелдейді.

Дулат Исабековтің «Дермене» шығармасы адамгершілік мәселелерін кеңінен қарастырады. Әңгімеде әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдардың адамгершілік құндылықтары мен ұстанымдарының өзгеруі, ішкі жан дүниесі мен қоғам арасындағы қайшылықтар терең зерттеледі. Тоқсанбаймен Омаштың өміріндегі моральдық дағдарыстар мен адамгершілікке қатысты күрес оқырманды өз болмысы мен адамгершілікті қорғау жолында қандай қиындықтар мен қайшылықтарды жеңу керектігі туралы ойлануға шақырады. Исабеков адамзаттың басты құндылықтары-адамгершілік, ар-намыс, әділеттілік туралы терең философиялық ойлармен оқырманын ойландырады. Дулат Исабековтің «Дермене» шығармасы қазақ әдебиетіндегі маңызды туындылардың бірі ретінде, өз оқырманын терең философиялық ойларға жетелеп, адамның моральдық болмысы мен адамгершілігін зерттейді. Бұл шығармада қоғамның адамға деген қатынасы, адамгершілік құндылықтардың мәні, адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы әлем арасындағы күрес кеңінен қарастырылады. «Дермене»-тек әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, адамның өз өміріндегі құндылықтарға деген көзқарасын, оның рухани байлығын, ішкі дүниесінің тазалығын, және ең бастысы-адам болмысындағы қиындықтар мен жеңістерді ашып көрсететін шығармашылық еңбек болып табылады.

Дулат Исабековтің шығармаларында адамның ішкі әлемі, оның жеке болмысы мен моральдық ұстанымдары үнемі басты назарда болады. «Дермене» шығармасында адамгершілік мәселесі ерекше орын алады. Бұл шығарманың басты ерекшелігі- адамның моральдық қасиеттерін тек сыртқы жағдайлар мен қоғамның қысымдары арқылы ғана емес, оның ішкі жан дүниесінің күресінен, сенімі мен ұстанымдарынан көруге болады. Әбдікәрім мен Дермене арасындағы қарым-қатынас, олардың іс-әрекеттері, бір-біріне деген көзқарастары арқылы адамгершілік мәселелері тереңірек ашылады.

Тоқсанбайдың өміріндегі қиындықтар мен күрестер оның жеке тұлғалық қасиеттерін тексеруге мүмкіндік береді. Оның өміріндегі қаталдықтар мен сынақтар оның адамдық болмысының шынайы бейнесін көрсетеді. Тоқсанбайдың адамгершілік ұстанымдары оның осы қиындықтар мен қайшылықтарға қарсы тұруына көмектеседі. Ол тек сыртқы әлемге ғана емес, ішкі жан дүниесіне де елеулі өзгерістер енгізеді. Адамгершілік құндылықтарының өзгеруіне, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың сынуы мен

дамуына назар аудара отырып, жазушы адамзаттың негізгі құндылықтарының қандай қиындықтарға тап болатынын айқындайды.

«Дермене» шығармасы адамның қоғаммен байланысындағы қайшылықтарды айқындап көрсетеді. Тоқсанбай мен Омаш арасындағы қарым-қатынас олардың қоғамға деген әртүрлі көзқарастарынан туындайды. Тоқсанбай қоғамның әлеуметтік нормалары мен жалпы моральдық құндылықтарына бағынуды ұйғарады, бірақ оның өмірінде көптеген қиындықтар мен қателіктерге тап болады. Бұл оның ішкі жан дүниесінің сәтсіздігі мен моральдық ұстанымдарының сынуының белгісі болып табылады. Тоқсанбайдың іс-әрекеттері мен өмірі арқылы біз оның қоғамның заңдары мен моральдық ұстанымдарының арасында қалай күйзелетінін көреміз.

Омаштың өмірлік ұстанымы-өз мақсатына жету үшін кез келген жолмен әрекет ету. Ол адамгершілік қағидаттарды екінші орынға қояды, бұл оның мінезінің прагматикалық және кейде қатыгез қырларын айқындайды. Оның Тоқсанбаймен қарым-қатынасы олардың өмірлік ұстанымдарының арасындағы қайшылықты көрсетеді.

Бұл қайшылықтар адам мен қоғам арасындағы күресті көрсетеді. Әсіресе, қоғамның моральдық тұрғыда адами қасиеттерді қақпақтайтын, шектейтін ықпалы туралы ойлар күшті. Тоқсанбайдың өмірі мен оның моральдық құндылықтарға деген көзқарасының күресі қоғамдағы әрбір адамның ішкі жан дүниесінің тыныштығын табудағы күресімен сәйкес келеді. Әңгімеде қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі, адамның өз құндылықтарын қорғауы арқылы ішкі еркіндігін табуы маңызды.

«Дермене» шығармасында адамгершілік құндылықтардың дағдарысы мен олардың өзгеруіне басты назар аударылады. Әңгімеде адамдардың ішкі жан дүниесіндегі қайшылықтар мен олардың рухани кемелденуіне кедергі келтіретін әлеуметтік мәселелер көрсетіледі. Дулат Исабеков адамгершілікке негізделген құндылықтарды тек қоғамның моральдық негіздерімен ғана емес, адамның жеке тұлғасының сапасымен байланыстырады.

Әңгімеде кейіпкерлердің өміріндегі моральдық дағдарыстар олардың ізгілікті жолға түсу үшін күресін бейнелейді. Тоқсанбайдың өз ар-намысын сақтау жолында қоғамның қысымына қарсы шығады, бірақ оның өз ішіндегі дағдарыстары оған оңай шешімдер қабылдауға мүмкіндік бермейді.

«Дермене» шығармасы қазақ әдебиетінде адамгершілік мәселелерін көтеруде үлкен үлес қосқан туынды болып табылады. Бұл шығарма адамның моральдық тұрғыдағы қиындықтарын, әлеуметтік әділетсіздіктер мен тұлғаның өзінің ішкі әлемімен күресін көрсету арқылы қазақ қоғамындағы адамгершілік мәселелерін терең талқылайды. Дулат Исабеков шығармасы оқырманды ішкі рухани ізденістер мен өмірдің мәнін түсінуге шақырады.

Әңгіме арқылы жазушы адамгершілік құндылықтарды тек сыртқы қоғаммен байланыс емес, адамның ішкі жан дүниесімен де тығыз байланыстырады. Тоқсанбай мен Омаш арасындағы қарым-қатынас, олардың өмірлеріндегі күрестер мен дағдарыстар оқырманға моральдық жағынан терең ой салады. Бұл шығарма- тек қазақ әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетіне де өз әсерін тигізетін терең мәні бар шығарма.

Дулат Исабековтің «Дермене» шығармасы адамгершілік, моральдық құндылықтар, ішкі жан дүниесі мен қоғам арасындағы байланыстарды терең зерттейді. Бұл шығарма қазақ әдебиетінің жоғары деңгейде жазылған туындысы қарастырылады. Әрі, оқырманды өзінің ішкі дүниесіне терең үңілуге, адамгершілік құндылықтарын сақтауға шақырады. Әбдікәрім мен Дермене кейіпкерлері арқылы жазушы адам болмысының күрделі табиғатын, адамгершіліктің өзгеруін, сонымен бірге жеке тұлғаның ішкі дүниесінің тазалығын көрсетеді. «Дермене» шығармасы арқылы Исабеков адамзаттың ең басты құндылықтары мен өмірдің мәнін терең түсінуге жол салады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Нұрғали Р. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдебиет дамуы, Монография, Алматы, 1986.
2. Төлеубаева, К. Прозадағы драматизм: Қарағанды, 2019.
3. Фромм Э. *Иметь или быть?* – Москва: АСТ, 2006. – 254 с.
4. Бейсенова, С. Қазақ әдебиетіндегі моральдық мәселелер: Алматы, 2010.
5. Ғабдуллин, Н. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік мәселесі: Алматы, 1995.
6. Исабеков, Д. *Дермене*: Алматы, Жазушы баспасы, 1987.
7. Мұқанова, Г. Қазақ әдебиетінің тарихы: Алматы, Мектеп баспасы, 2003.
8. Әбдіғаппарұлы, Т. Дулат Исабеков шығармашылығы: Алматы, Қазақ тілі және әдебиеті баспасы, 2014.
9. Майтанов, Б. Қазақ прозасындағы адамгершілік ізденістер: Алматы.
10. Жұртбай, Т. Көркем әдебиет және рухани құндылықтар: Алматы, Санат.
11. Әбдіжәмил Нұрпейісов. *Исабеков әлемі [Электрондық ресурс] // Қазақ әдебиеті.- Қолжетімділік режимі: <https://qazaqadebieti.kz/12721/isabekov-lemi>*